



Аманғос ЕСМҰРЗАЕВ

Айсыз
тұнгі
ак
жұлдыз








*Сен де от бол жанып едің,
Мен де от бол жанғанмын.
Халқым деп тек маздаған,
Бірлік екен арманың,
Сен осыны жалғадың.
Мен де содан қалмадым,
Осы жолдан таймаққа,
Тістелсе де бармагың...*

84Каз7-5
E83

Амангос ЕСМҮРЗАЕВ

**Айсыз
түнгі
ак
жүлдьз**

35408-7 ф3



**ББК 84 (5 Қаз) 7-5
Е 83**

Е 83 ЕСМҰРЗАЕВ Аманғос

**Айсыз тұнгі ақ жұлдыз: (өлеңдер, күнделік беттерінен,
естеліктер) / Құраст.** Сағат ЖҮСІП,
Амангелді ЕСМҰРЗАЕВ

Алматы, 2007. — 200 бет. + суретті жапсырма

ISBN 9965-21-224-4

*Елін сүйген, халқын сүйген абзал азамат
Аманғос Есмұрзаевтың жарқын ғұмыры
әлеумет есінде. Оның өмірі – әділдік үшін,
ақиқат үшін күреске толы мәнді өмір. Ол
өмірге деген асау жігерін өлеңмен өріп оты-
рыпты. Жырсүйер қауым оның нәрлі поэ-
зиясынан үлкен жүректің дүрсілін қапысыз
таныры анық. Ақиқат азаматтың ақ қанат
жырлары Алашына аманат.*

**E 4702250202
00 (05)-07**

ББК 84 (5 Қаз) 7-5

ISBN 9965-21-224-4

© ЕСМҰРЗАЕВ А. 2007



АЛҒЫ СӨЗ

Арманы асыл, мақсаты биік Аманғос

Откен ғасырдың тоқсаныншы жылдары кешегі келмеске кеткен кеңестік қоғамның өсіре қызыл саясатына қас батырдай қарсы шауып, кең-байтақ Қазақстандағы он екіде бір гүлі ашылмаған балауса демократияның буыны бекіп, қабыргасы қатауы үшін «қызыл аяқ қар кешіп, жалаң аяқ жар кешкен» Аманғос сияқты арысты бүтін еске алар күн туды. «Ерте шыққан қызғалдақтай, мен де аязға тоңғанмын» деп өзі айтқандай тағдырдың жазуымен мынау жалған дүниеден ерте озған Аманғостың жарық Айдың сөулесіндей, жазғы күннің шуағындай буырқанған асау жырлары артында қалыпты.

Сол бір жылдары жоғары білімді, жаны жайсан азамат Аманғос Есмұрзаев қатардағы ұстаздан Арал қаласындағы іргелі білім ордаларының бірі – №64 мектептің директоры болған еді. Қашан да жаңалық-ка жаны құмар ізденимпаз жігіт қолы қалт еткенде жүрек сырын ақ парактың бетіне түсіріп отырыпты. Кейбірі аудандық «Толқын», «Асыл мұра» газеттерінде ара-тұра жарияланып тұрды. Бүгінгі күні марқұмның сол кездері басылым беттерінен орын алған әрбір жыры азамат ақынның таудан құлаған асау бұлақтың суындағы таза да арынды екендігі бірден көзге ұрып тұрады.

Аманғос ақындыққа «акын болмасан да азамат

булу парызын» деген қағидамен келген. Ол азаматтықты, туыстықтан, тіпті өртеніп жүріп жазған өлеңдерінен де жоғары қоятын. Өмірінде киянат көп көруіне де «бар ғұмырым қазағым халқым үшін» деген ұлттық жанашырлығы себепші болды. Ол қазаққа келетін қасіреттің бәріне қарсы еді. Келешекке сенетін. Сол үшін қайғырды, сол үшін ұйқысынан шошып оянды. Жаны нәзік, бірақ әділетсіздік алдында майысқан емес. Өзі акқоніл, бірақ кісінің қараулығын табанда бетіне басатын. Баурымал еді, рушыл, жершіл болған жок. Бар қазақ менін бауырым деп жүрді марқұм. Адалдықтан жеген таяқ ашы болады. Амангос та зәбір шекті.

*От сезімге ақын күймей кім күйсін,
Өрттен шығып ақ боранға сұңғисін.
Бір-ақ мысал: шындық үшін апым-ай,
Түгелдей бір сыр-шактасын үңғисін.*

Ұлты үшін күйіп кеткен Амангос арамызда жок. Жыр жинағы қолымызға енді тиіп отыр. Біз ұмытқанмен Амангос секілді халықтың батыры болғанын келешек ұмытпайды. Оған Құдай куә, осы кітабы куә.

Толыбай АБЫЛАЕВ,
*акын, Жарасқан Эбдірашев
атындағы әдеби
сыйлықтың лауреаты.*

Өлеңдер



Лирикалық,
патриоттық,
азаматтық
және
өмір туралы
жырлар



ҚАЙДАСЫН, БАЛАЛЫҚ?..

Көп емес ек, он едік,
Бастауыш сол мектепте.
Қуанышқа бөленіп,
Талпынып ек өспекке.

Ер жетуді ойладық,
Допты теуіп, секіріп.
Атыспақ та ойнадық,
Ұяда жатып, бекініп.

Ойын боп бәрі көрінді,
Уайымсыз қара балаға.
Күндерім қайда көңілді?
Аңсарым ауған далаға.

Жылдар да жөнкіп өтіпті,
Еске алам балғын шағымды.
Қадірін соның кеш ұқтым,
Сол сәтті енді сағындым.

Көп емес едік, он едік,
Қайдасын, қайран сол шағым!
Бақытқа жүрген бөленіп,
Балалық дәурен – аңсарым.

КӨКТЕМ

Көктем келді, күлімдеді көкте күн,
Қаһар қайтты, ұмыт болды өткен күн.
Қар еріді, гүл жамылды қыраттар,
Су ағады, буы қалқып бәктердін.

Көктем келді, кең тыныспен теңіз кеуде
көтерді,
Қыс бүркеген мұз-көрпесін быт-шыт
қылып төңкерді.
Жағалауда ақ желкенін жайды аппақ
қайықтар,
Қайықшы шал күйбендейді тіршілікке
ертенгі.

Көктем келді, мал өрісте, төлі ауыл
манында,
Құс та оралды, әсем әнін сыйға тартып
қауымға.
Толқын ұрып, теңізімнен еміренген
есті жел,
Көктем келді, қуанышын ала келді ауылға.

9 наурыз, 1983 жыл



Көктемім менің тауысты сабыр, ұстамды,
Жадырап қалды жабыққан көніл қыстайғы.
Күркіреді өзен қырында еркін шапқылап,
Сағынып қаппын сарала қанат құстарды.

Көктемім менің, сүйікті ғажап маусымым,
Қызгалдақ болып қырларға шашты шашуын.
Желпініп дала, жайқалта түсті желегін,
Шалқыды кеудем, өзенмен бірге тасыдым.

Көктемім менің, ғашықпын саған, жарқыным,
Куанып тұрмын қаздардың естіп қаңқылын.
Құстарым, әне, қырымда менің той тойлап,
Жусанның иісі, жұпар боп лезде аңқыдын.

P.S.

Үрза боп іштей осылай көніл қошына,
Қараймын биік таулардың шығып басына.
Сенен де, қалқам, қалардай бүгін хат келіп,
Көктемнің таңын қарсы алып тұрмын асыға.

ЖЫР – ЖАЛАУ

Жыр жазып, қиял қуып кетуші едім,
Көктегі жұлдызға да жетуші едім.
Еркін жүзіп қиялдың мұхитында,
Арманды желкен қылып өтуші едім.

Қиял-мұхит батырды тереңіне,
Нәр іздедім өлмейтін өлеңіме.
Шамым өшпей күн-түні жыр толғадым,
Халқымның «жарасам» деп керегіне.

Қиялдың шет пен шегі жеткізбеді,
Ойлардың тұмшалады көп тізбегі.
Сонда да от-жігерім жасымады,
Мұхиттың толқындары өткізбеді.

Өртеніп шабыт-оттың алауына,
Жетсем деп талпынамын қалауыма.
Мен өлсем де, артымда жырым қалар,
Айналып жүрегімнің жалауына.



АҚЫН

От сезімге ақын күймей, кім күйсін?!
 Өрттен шығып, ақ боранға сұңгисің.
 Бір-ақ мысал: шындық үшін апырым-ай,
 Түгелдей бір сыр-шахтасын үнгисің.

Күрсінесің, жерлерде сен күлетін,
 Киялдың көк мұхитына жүзесің.
 Маржандай сөз табу үшін бір ғана,
 Түгелдей бір ой-теңізін сүзесің.

Түк бітірмей
 кейде іштен тынасың,
 Түнересің, дөңбекхисің, тұнасың...
 Сиқыр-жырдың бір-ақ тамшы нәрі үшін,
 Түгелдей бір ойдың бұлтын сығасың.

Қырандайсың самғап ұшып жөнелсен,
 Жалғандыққа иілмейді өр еңсен.
 Ақындардың азаптаған жүрегін,
 Неткен қын өнер едің, өлең, сен?!

ШАҒАЛА

Жерім жатыр кеберсіп,
Ақ тозаң шаң сарала.
Не хабар мұнда ап келдің?
Адасып үшқан шағала.
Үмітінің көгіне
Жүздірген жан қайығын,
Кешігіп келдің, шағала,
Балықшы қарттан айрылдым.
Үмітін ақтап атамның,
Адасып үшқан шағала.
Сырынды маған ақтарғын,
Консаншы келіп жағаға.
Аман бол, жалғыз шағала,
Жақсылықтың нышаны.
Теңізде өскен балаңа
Жайылды үміт құшағы.
Аман бол, жалғыз шағала!

16 қыркүйек, 1992 жыл



ДЕМОКРАТИЯ ЛЕБІ

Жанарында күлкі ойнап, жүресің сен
жайдары,
Ортамызға ой тастадың пайдалы.
Жүргегінің оты басым, шала жана
білмейтін,
Өршілдігің болар соның айғагы.

Ерте шыққан қызғалдақтар тез солады
аяздан,
Тым тереннен сөз қозғайсың,
ой алмайсың таяздан.
«Партократ», «бюрократ» сені жатыр
бұзылмай,
Шындық үшін шырылдайсың, түнілесің
нәрі аздан.

Дәл өзіндей күн шықпаса кете алмайды
сен еріп,
Жол бастағын, ал қанеки, біз сонынан
ерелік.

Бет-жүзіне қарамайтын қаныңда бар
қайса^лық,
Әділетпен барлығына айта аласың
төрелік.

Деп ойлаушы ем, ой-орманда дара
жүрген жалғызбың,
Әттең-әттең жалғыздықтан ақымды көп
алғыздым.
Ерте шыққан қызғалдақтай мен де
аязға тоныппың,
Жариялықтан жылу алған мен
сендерге жолықтым.

Сен бұзылды, келді әділет тоқтата
алмас оны ешкім,
Айналайын жанарыңың қуанышын
бөлістім.
Аянбайын, аяз соқса мен-ақ құрбан
болайын,
Тер төгуге мен даярмын жетуі үшін
женестің!





АРАЛЫМ

Иесі жоқ, қайғыдан құлазиды Арынам,
Көкірегін құм бүркеп, жас айғыздап
жанарын.

Толқын керген омырауын шандыр болып,
тартылып,
Қос дарияң суалып, тамшыларын санадын.

Шағалаңнан адасып қалғансың ба,
ұлы еркем?

Үмітінді сөндірмей келеді ме, күнде ертең.
Айналайын, Арынам, жәутен-жәутен
қарадын,
Сен есіме түсесің семіп қалған гүл көрсем.

Мен өзіңе, Арынам, жыр арнаймын сағына,
Кім бар құлақ түретін замананың зарына?
Саяхаттап қайтар ма ем, әттен, сол бір
жылдарға,

Толқын қып жүгірген бал балалық
шағыма...



СЕКСЕУІЛ ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ «АЗАТ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА АРНАУ

Күтты болсын, «Азатым», орда болып
құрылдың,
Арғымақ болдың, құлыным, өзегі болдың
жырымның.
Тәй-тәйлап қадам басып ең, аяқпен енді
тік тұрдың,
Заманаңың айыбын батыл айтып,
ұқтырдың.

Жетектеп қолдан қазақты, тарихтың аштың
беттерін,
Құмға оралған әруақты, құп болды
ырза еткенін.
Алты Алаштың ордасын шаңырақ
қылып көтеріп,
Уақыттың өзі туғызды, заманың
Махамбеттерін.

Жолыңды Тәнір ондасын, саясат болсын
семсерін,



Халықтың қамын ойламай, қылықтар жасап
жат мұлдем,
Коммунизм құрып ап, басшылар жүрді
«гәккумен».
Еліме менің, шіркін-ай, еркіндік болып
тудың күн,
Бұрынғыдай жалтақтап, сұрамас болдық
Мәскеуден.

Алла ісінде онғарсын, Қыдыр болсын
жолдасын,
Әділет туын көтеріп, уақыттың сыйла
олжасын.
Биіктерден биікке баста елді, «Азатым»,
Енігі билік орнало, күтемі соң жолда син!

Кыркүйек,
1991 жыл.

Арал қаласы

35408-7.093

17

八、总结与展望

17


ӨМІР СОЛАЙ

О, адамдар, қалайсындар, қалайсындар?
Талқысына салады талай сындар.
Даңқ қуып, байлықтың соңына еріп,
Бір-бірінмен жау болып, тарайсындар.

Білсендер де ғұмырдың аз екенін,
Ырылдасып, көктем мен жаз өтерін.
Алдайтын байлық, атақ — жалған сезім,
Өкінішпен бітеді соңғы демің.

P.S.

Қорғаушысы жоққа тізе батырып,
Жасап кейде жатамыз-ау асылық.
Атағы мен дәрежесі барларға
Неге біздер жағынамыз бас үрып?





ҚҰС ЖОЛЫ ҚИҮРЛАРҒА ШАҚЫРАДЫ

Қаранғы тұн жасырды жердің бетін,
Орманды, тауларымды, көлдің бетін.
Айсыз тұн жұлдыздары жымындейды,
Алқадай ажарлаған көктің төсін.

Жұмбақ қой аспанның кең атырабы,
«Құс жолы» қиүрларға шақырады.
Күдіктерім алдынан көлбендейді,
Қара түнек ойларға батырады.

Кетемін «Құс жолының» соңына еріп,
Шақырады тоқтаусыз мені жорық.
Жүргегімде лаулаған махаббатым,
Таңым болып атады, таңым болып.

ЕЛДІК ҚАЙДА, БІЗ ҚАЙДА?

«Сақ бол, ойбай, қазақ өсіп кетпесін,
Аяқтан шал, дегеніне жетпесін.
Аз болса да басқа ұлттың өкілі,
Өссін солар, жапырақ жайып, көктесін!»

Халық па едік, өз-өзінен үркетін,
Қарандаршы, қайдан шықты бұл шешім?!
Қазақпенен қазақ өстіп андысса,
Кашан ғана жия алады жұрт есін.

Ал қазақтың өсіп-өніп кеткені,
Өзгелерге қызғаныш та, дерте еді.
Қазақтарды бір-біріне айдал сап,
Жүзге бөліп, жүрер жолын шектеді.

Халық едік ежелден-ақ намысқой,
Жақынға емес, сілтеп кетсе алысқа ой.
Қаламыз ба, шың басына шыға алмай,
Көрсетпей ме, елді бастар арыс бой.


Койдан жуас, сонша момын ел ме едік,
Отырамын көкірегім шерленіп.



Жігер жасып, намыс өліп қалған ба?!
Өзге ұлттың аты озын дер ме едік?

Өзге ұлтты отырғам жоқ алалап,
Қазақстан — барша жүртқа сая, бақ.
Басқаларға бәйек бола бергенше,
Көктетейік, өзімізді аялап.

Шаштападың иштегіндең цвітчайының
жоңарасынан шаштападың ғылыми
жарылымынан шаштападың мембранасынан
Сабакынан шаштападың мұнайынан



Айнұғандаң шаштападың мембранасынан
Келіңгіндең сәнбен шаштападың мембранасынан
шаштападың мембранасынан шаштападың мембранасынан
Айнұғандаң шаштападың мембранасынан

Той жасаймыз дүбірге балап елді,
Куаныш көзіндең дөлебенді.
Күй тегілдің шаштападың мембранасынан
Шатык қарындаң шаштападың мембранасынан

Кеңілімнің күйіндең шаштападың мембранасынан
Конақтарым жинаудар қашқастаңы.
Сандерномен жарассын той-думанным
Шалқыш-тохың калейден тасып-тарты

Күй күмбірдел, айтылар әсыл әндім.
Шатылынан қалайша жасырамын